

«Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК
Қамқоршылар кеңесі отырысының
2 № хаттамасы

Өткізу мерзімі: 2025 жылғы 18 желтоқсан

Өткізу орыны: колледждің № 2 ғимараты

Қатысқандар:

1. Петрова Людмила Евгеньевна – төрайым
2. Белинская Светлана Петровна – аудандық мәслихат депутаты
3. Аскарова Гульмира Бектемировна – «Локомотив» демалыс үйінің басшысы
4. Орлова Ольга Владимировна – ата-аналар қоғамдастығының өкілі
5. Козючиц Людмила Риммовна - ата-аналар қоғамдастығының өкілі
6. Абинова Ботагоз Жалеловна – колледждің әлеуметтік серіктесі
7. Процюк Ольга Валерьевна – колледждің әлеуметтік серіктесі

Шақырылған қонақтар:

1. Алимжанов Кенеш Галибекович – Атбасар ауданының әкімі
2. Ауылдық округтердің әкімдері
3. Атбасар ауданы ауылшаруашылық құрылымдардың басшылары
4. Колледждің әлеуметтік серіктестері
5. Тасмағамбетова Роза Мырзабековна – Атбасар ауданы Кәсіпкер палатасы филиалының басшысы
6. Тюлебаев Аскербек Жамантаевич – колледж басшысы
7. Зардиева Валентина Александровна – ОӨЖ жөніндегі орынбасар
8. Толкумбекова Татьяна Петровна – ОТЖ жөніндегі орынбасар
9. Өндірістік оқыту шеберлері, оқытушылар.
10. Колледждің білім алушылары.

Барлық қатысушылар: 96 адам.

Күн тәртібі:

1. Жұмысшы мамандықтар жылы шеңберінде 2024-2025 оқу жылында жұмысшы кәсіптердің білікті кадрларын даярлау бойынша колледж жұмысының қорытындылары туралы.
2. Атбасар ауданының Еңбек нарығының ауыл шаруашылығы және индустриялық бейіндегі мамандарға қажеттіліктерін және өзара іс-қимылды нығайту тетіктерін талқылау.
3. Колледж бен жұмыс беруші кәсіпорындардың 2026 жылға арналған бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту.

ОТЫРЫС БАРЫСЫ:

14.50 – 15.00 Қатысушыларды тіркеу. Жауапты: бөлімше меңгерушісі Молдыбаев Т.С.

15.00 – 15.15 Қонақтар үшін кофе-брейк ұйымдастырылды. Жауаптылар: ТҰ-21 тобының білім алушылары, ө/о шебері Тарынина Н.С.

15.15 – 15.30 Отырысқа қатысушылар

- «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» (стенділік баяндамалар, модельдер).
- «Тамақтандыруды ұйымдастыру» (аспаздық бұйымдар, презентациялар).
- «Дәнекерлеу ісі» («солдаматик» техникасындағы жұмыстар).
- «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» (киімдер топтамасы

«Токарлық іс» (станоктарда жасалған детальдар)

мамандықтар бойынша білім алушылардың жұмыстар қойылған **техникалық шығармашылық көрмесімен** танысты.

Жауаптылар: директродың ОӨЖ жөніндегі орынбасары В.А.Зардиева, аға шебер А.А.Гавриленко, өндірістік оқыту шеберлері.

15.30 – 15.35 Қатысушыларды құттықтау сөзімен **Атбасар ауданының әкімі Кенеш**

Галибекович Алимжанов сөйледі. Ол ауданның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту үшін

жұмысшы кәсіптерінің стратегиялық маңыздылығын атап өтті, колледждің кадрлық қамтамасыз етуге қосқан үлесін атап өтті және оқу орнының материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайтуға қолдау білдірді.

15.35 – 15.50 «Жұмысшы мамандықтар жылы жағдайында кадрлар даярлаудың жұмыс қорытындылары мен дамыту перспективалары туралы» тақырыбындағы негізгі баяндамамен колледж директоры Аскербек Жамантаевич Тюлебаев сөйледі.

Баяндамада мыналарға назар аударылды:

- Жұмысшы мамандықтар бойынша қабыдау және шығару статистикасы.
- Білім алушылардың WorldSkills және басқа да байқаулардағы жетістіктері.
- Шеберханалар мен зертханаларды жаңғырту туралы ақпарат.
- 2026 жылы жаңа өзекті мамандықтар/біліктіліктер ашу жоспары.
- Қолөнершілер көшесінің тұсаукесері.

15.50 – 16.30 Аудан әкімдігі өкілдерінің және ауыл шаруашылығы құрылымдары басшыларының қатысуымен **пікірталас** өтті. Төмендегі мәселелер талқыланды:

- Кәсіпорындардың ағымдағы және перспективалық кадрлық қажеттіліктері.
- Жас мамандарды өндіріске бейімдеу мәселелері.
- Оқу бағдарламалары мен практика мазмұнын түзету бойынша ұсыныстар.
- Мақсатты оқыту мен тәлімгерлікті ұйымдастыру сұрақтары.

16.30 – 16.45 Қамқоршылар кеңесінің төрайымы талқылаудың алдын ала қорытындысын шығарып, бірлескен іс-қимыл жоспарын егжей-тегжейлі пысықтау үшін жұмыс тобын құруды ұсынды.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша – бірлескен іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

- **Процюк О.В** колледж студенттері мен жас жұмысшы кәсіпорындар арасында аудандық кәсіби шеберлік конкурсын өткізуді жоспарға енгізуді ұсынды.
- **Абаев А.У.** ол практикалық сабақтарды өткізу үшін заманауи техниканы ұсынуға және тереңдетілген практика үшін негіз болуға дайын екенін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Колледж басшысының баяндамасында және шақырылған қонақтардың сөйлеген сөздерінде ұсынылған ақпараттар **назарға алынсын.**
2. Баяндамада ұсынылған жұмысшы кадрларды даярлау бойынша колледжді дамытудың негізгі бағыттары **мақұлдансын.**
3. Төмендегі құрамдағы **жұмыс тобы құрылсын:**
 - Ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы – аудандық әкімшіліктен.
 - Мейрманова А.М. – жұмыс берушілерден.
 - Тюлебаев А.Ж. – колледжден.
 - Петрова Л.Е. – Қамқоршылар кеңесінен.
 - **Топтың міндеті:** 2026 жылғы 20 қаңтарға дейін талқылау барысында айтылған ұсыныстарды (кәсіби шеберлік конкурстары, практикаларды жаңғырту, кәсіптік бағдарлау іс-шаралары) қоса отырып, егжей-тегжейлі **«Аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК мен серіктес кәсіпорындардың 2026 жылға арналған бірлескен іс-шаралар жоспарын»** әзірлеу.
4. Көрсетілген Жоспар Қамқоршылар кеңесінің 2026 жылғы ақпан айында өткізілетін келесі отырысында **бекітілсін.**
5. Атбасар ауданының әкіміне «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша шеберханаларға арналған жабдықтарды жаңартуға білім беруді дамыту бағдарламасы шеңберінде нысаналы қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру туралы **өтініш жасау.**

Қамқоршылар кеңесінің төрайымы: _____ / Петрова Л.Е. /

Хатшы: _____ / Толкумбекова Т.П. /